

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 ақпандағы N 88 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 2-3, 14-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры шетелдік валютадағы лауазымдық жалақылары негізге алына отырып белгіленеді;"

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері мен қазыналық кәсіпорындар қызметкерлері лауазымдарының санаттар бойынша тізілімінде:

F санатының тобы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры;

М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры;

Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры;

Н. Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры;

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы;

Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық би театры.";

G-14 санатының бірінші абзацында мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "Біліктілігі

орташа деңгейдегі санаты жоқ маман" деген сөздер "Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ аға маман" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар жұмысшыларының лауазымдық жалақыларын (ставкаларын) есептеуге арналған коэффициенттер" деген 3-қосымшада:

"Коэффициенттер" деген бағанда:

"1,07" деген сандар "1,09" деген сандармен ауыстырылсын;

"1,00" деген сандар "1,07" деген сандармен ауыстырылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген "Мемлекеттік білім беру мекемелерінің және қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар" деген 4-қосымшада:

ескертудің 3-тармағында:

мемлекеттік тілдегі мәтінде "үстемеақылар балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің" деген сөздерден кейін "бейіндік мақсаттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде "басшылары мен педагог қызметкерлеріне" деген сөздер "бейіндік мақсаттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі